

Кайнақча

- Kaskabasov, Seyit vd, *Babalar Sözi 67*, Astana, 2011.
Kaskabasov, Seyit vd, *Babalar Sözi 68*, Astana, 2011.
Kaskabasov, Seyit vd, *Babalar Sözi 69*, Astana, 2011.
Keser, Nilüfer, Nilüfer Voltan-Acar “Türk Atasözlerinde Bilişsel Çarpıtmalar”, *Akademik Bakış Dergisi*, S.35, Mart-Nisan 2013, s.1-20.
<http://fatihresitcivelekoglu.blogspot.com.tr/2014/05/dusunce-hatalar-felaketlestirme.html>

ТҮРКІ ТІЛДЕРІНДЕГІ ТАБЫС СЕПТІГІНІҢ ДАМУ ТАРИХЫ

Сағындықұлы Б.

Құлжанова Б.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

Түркі тілдерінде аса ежелгі дәуірлерде табыс септігінің ешқандай формасы болмаған. Тарихи даму барысында сонау ескі дәуірлерде алғаш рет – -ук/-уғ, -ық/ -ығ, -ғ формалары пайда болған. Бұл формалар әрі етістік, әрі есім мағынасында жұмсалатын синкретикалық түбірлерге жалғанатын. Кейінірек есімдерге жалғанған -ук/-уғ, -ық/ -ығ, к/-ғ табыс септігі жалғауларының формалары болып қалыптасты да, етістіктерге жалғанған -ук/-уғ, -ық/ -ығ, к/-ғқимыл есімдерінің жұрнақтары болып функциялық қызмет ете бастады. Бұлардың сыртында осы форманың негізінде ы/-ны формасы өмірге келді. Бұл форма қазіргі түркі тілдерінің көпшілігінде бар. Табыс септігі, формасы болмаса да, өз мағынасын сақтау ұстанымын ұстап қалған.

Түйін сөздер: табыс септігі, синкретикалық түбірлер, көне формалар мен жаңа формалар, жаңа этимология.

There were no forms of accusative case in the Turkic languages in ancient epochs. In the course of historical development forms such as -ук/-уғ, -ық/ -ығ, -ғ appeared for the first time in ancient periods. These forms were added to syncretic roots that were used in the meaning of a verb and a noun as well. Later, noun suffixes such as -ук/-уғ, -ық/ -ығ, к/-ғ were formulated as suffixes of an accusative case, whereas verb suffixes such as ук/-уғ, -ық/ -ығ, к/-ғ began to function as suffixes of nouns that modify action. As a result, forms ы/-ны were emerged. This form is peculiar for the most modern Turkic languages. Accusative case remained its meaning in spite of not having its own form.

Keywords: accusative case, syncretic roots, archaic and new forms, new etymology.

Табыс септік. Зат есімге жалғанатын табыс септігінің жалғаулары -ны/-ні, -ды/-ді, -ты/-ті, -н. Бұл жалғаулардың ең соңғы тұрғанынан басқасының бәрі –